

**№52 С. Бегалин атындағы алпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**



Ата-аналармен жұмыс

2023-2024 оқу жылы




"Бекітемін"
Мектеп директоры:
Г. Бекжанова

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
2023 - 2024 оқу жылы бойынша
ата-аналармен жасалынатын жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар комитеті №1 отырысы. 1. Ата-аналар комитетінің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыс есебі. 2. Ата-аналар комитетін қайта сайлау, жаңа оқу жылына жоспар бекіту. 3. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру. 4. Міндетті мектеп формасы және мектеп ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. 5. "Бала өміріндегі ата-ананың рөлі" Баяндама. Тәлімгер Ш. Анаркүл.	Қыркүйек	Ата-аналар төрайымы Х. Эрдашева ДТЖО М. Кузенбаева Педагог-психолог Б. Кенжебаева Әлеуметтік-педагог Е. Құрбанбеков Сынып жетекшілер
2	Ата-аналармен психологиялық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу.	Қыркүйек – Қазан	ДТЖО М. Кузенбаева Мектеп психологі Б. Кенжебаева
3	Ата-аналар комитеті №2 отырысы 1. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен ерте жыныстық қатынасқа түсуінің, балардың өзіне-өзі қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу. 2. Сауалнама алу "Сіз қандай ата-анасыз?". 3. Жұқпалы аурулардың алдын алу. 4. "Отбасындағы рухани адамгершілік тәрбиесі". Баяндама 5. I тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	Қараша	Ата-аналар төрайымы Х. Эрдашева Психолог Б. Кенжебаева Мектеп инспекторы Д. Тоғызбаев Әлеуметтік педагог Е. Құрбанбеков Мектеп медбикесі З. Искакова Оқу ісінің меңгерушісі Д. Сакказиев
4	1. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы. Сауалнама 2. Буллингтің негізгі белгілері.	Желтоқсан	ДТЖО М. Кузенбаева Педагог-психолог Е. Құрбанбеков
5	Ата-аналар комитеті №3 отырысы 1. «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тренинг 2. Оқушылардың мектеп айналасында және мектептен тыс аймақтарда тәртіп сақтау ережелерін қатаң қадағалау жұмыстарын жүргізу.	Қаңтар	Ата-аналар төрайымы ДТЖО М. Кузенбаева Педагог-психолог Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері Оқу ісінің меңгерушісі

	3.Әлеуметтік деңгейі төмен оқушыларын білім қорынан көмек көрсету туралы. 4. ҰБТ,ББЖМО-ға дайындық және оны тапсыру барысында жасөспірімге ата-ананың психологиялық көмегі 5. II тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі		Д. Сакказиев Әлеуметтік педагог Е. Құрбанбеков
6	1." Баланың басты ұстазы - ата-ана" пікірталас. 2. Тренинг	Ақпан	ДТЖО М. Кузенбаева Педагог -психолог
7	Ата-аналар комитеті № 4 отырысы 1.«Компьютерге тәуелділіктің алдын алу» 2. «Мамандық таңдаудағы балалардың қызығушылығын қалыптастыруына отбасының рөлі» 3.Оқушылармен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы серіктестігі. 4.III тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	Наурыз	Ата-аналар төрайымы ДТЖО М. Кузенбаева Әлеуметтік педагог Е. Құрбанбеков Сынып жетекшілер Педагог -психолог Оқу ісінің меңгерушісі Д. Сакказиев
8	Ата-аналар комитеті №5 отырысы 1.Ата-аналар комитеттерінің жылдық жұмыстарын қорытындылау. 2.Оқушылардың жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру. 3. Мектеп бітірушілердің ҰБТ-ға дайындығы 4. 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу сапасының көрсеткіші	Мамыр	Ата-аналар төрайымы ДТЖО М. Кузенбаева Әлеуметтік педагог Е. Құрбанбеков Оқу ісінің меңгерушісі Д. Сакказиев

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  М. Кузенбаева

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



Коммунальное государственное учреждение
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА
№52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

№195

ПРИКАЗ

Қаратал ауылы

«01» «09» 2023 жыл

"Ата -анамен байланысты нығайту"
туралы

49-бап. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері. Білім туралы №319-ІІІ 27.07.2007 жылғы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте ата-аналармен байланысты нығайту мақсатында іс-шара жоспары жасалып, бекітілсін.
2. Ата-аналарды мектепшілік атқарылатын іс-шараларға тарту мақсатында қызықты тренингтер, дөңгелек үстелдер, сайыстар ұйымдастырылсын.
3. Ата-аналарды мектептің Ішкі тәртіп ережесімен таныстырылып, балаларын орындауы қадағалансын.
4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Г. Бекжанова

**№ 52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде өткізілген
жалпы ата-аналар жиналысының
хаттамасы №1**

05.09. 2023 жыл

Қаратал ауылы

Қатысқан ата-аналар саны- 45

Мектеп директоры - Г. Бекжанова

Ата-аналар кеңесінің төрайымы - А. Нышанбаева

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - М. Кузенбаева

Мектеп психологі - Б. Кенжебаева

Әлеуметтік -педагог- Е. Құрбанбеков

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар комитетінің 2022 -2023 оқу жылында атқарған жұмыс есебі.
2. Ата-аналар комитетін қайта сайлау, жаңа оқу жылының жоспар бекіту..
3. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізілуін насихаттау..
5. Мектеп формасы және мектеп ережесі.
6. "Бала өміріндегі ата-ананың рөлі"
Баяндама.

Тыңдалды:

- 1. Ата-аналар комитетінің төрайымы А. Нышанбаева 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмысы туралы есеп берді.** Құрметті ата-аналар, ұстаздар! Сіздерді жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Биылғы оқу жылында да ата-аналар, сіздермен ынтымақтастықта байланыс жасап, балаларымыздың игілігі үшін біршама жұмыстар атқарамыз деп сенемін. Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігінің қолдауымен университетте жаңа кәсіби дағдаларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Былтырғы оқу жылында сіздермен біршама жұмыстар атқардық. Атап айтсам, «Ашық есік» күндерінде оқушыларымыздың сабақтарына, әр түрлі мерекелік шаралар, " Үлгілі отбасы - 2022" кереметтей обасылық сайыс, қайырымдылық акцияларына, жақсы сауықтыру жұмыстарына қатыстық. Бұл – біздің ата-аналық міндетіміз екенін ұмытпаңыздар. Мінекей биыл Елбасымыздың арқасында балаларымыз жаңа мектепке кіріп оқып жатыр. Біздің қуанышымызда шек жоқ.
- 2. Мектепшілік ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.** Мектепшілік ата-аналар кеңесінің төрайымы , құрметті ата-аналар, мен де жалпы ата-аналардың атынан сіздерге жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Сіздерге отбасыларыңызға береке балаларыңызға амандық тілеймін.. Жаңадан құрам сайлайсыздар ма әлде құрам мүшелері қала бере ме соны шешіп алайық. Былтырғы оқу жылында ата-аналар кеңесі біршама жұмыстар атқарды. Ата-аналар комитетінің төрайымы А. Нышанбаева өзінің денсаулығына байланысты жұмысты бұдан әрі жалғастыра алмайтындығы туралы айтты. Осыған орай ата-аналар комитетінің төрайымын қайта сайлау керек. Ата-аналар бірауыздан ата-аналар комитетінің төрайымы етіп Х. Әрдышеваны сайлады. Мүшелері етіп Ұ. Токтасын, сайланды
- 3. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізілуін насихаттау** бойынша мектептің әлеметтік педагогы Е. Құрбанбеков сөз алды. Қазақстан Республикасының білім беру туралы» заңын іске асыруды, оның ішінде мектеп жасындағы балаларды толық біліммен қамтылуын «Мектепке жол»

акциясын өткізу мен ұйымдастыру жөніндегі бұйрық 2023 жылы 1 тамыздан 30 қыркүйек күндері аралығында төмендегідей жұмыстар жүргізіледі. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының мақсаты: мектеп жасындағы балаларды білім ұйымдарында оқумен қамту, әсіресе күн көрісі төмен отбасыларынан шыққан балаларға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі іс - шараларды өткізу. Құрметті ата-аналар акцияға бір кісідей ат салысып өткізейік

5. Мектеп формасы туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

М. Кузенбаева. Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 ж. 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен айқындалғанын білесіздер.

Мектеп формасының үлгісі және түсі классикалық үлгіні ұстанып, бірыңғай түстердің үйлесімді гаммасын, үш түстен артық емес түстерді қосуға болады. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.

Мектеп формасы мерекелік және күнделікті болып бөлінеді.

Қыз балаларға арналған мектеп формасына:

- пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы мезгілде трикотаж жилет, сарафан, водолазка).
- қыз балаларға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы тобықты жауып тұрады.

Ер балаларға арналған мектеп формасы:

- пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде мен күнделікті жейде (қысқы мезгілде трикотаж жилет, водолазка).
 - ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы тобықты жауып тұрады.
- Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтер қосуда болмайды

Ішкі тәртіп ережесі. Оқушылардың өмір қауіпсіздік ережесі. Ата-аналардың міндеттері. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева. Мектепте оқу-тәрбие үрдісінде жағымды жағдай жасау, мектеп маңы мен мектеп өмірінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, адами құндылықтарды сыйлауға, қоғамда өздерін таныта білуге дағдыландыратын мектеп оқушыларының тәртіп ережелерімен таныстырып өтті.

6. «Бала өміріндегі ата-ананың рөлі»

Баяндамашы – мектеп тәлімгері Ш. Анаркүл - Бала дегеніміз -болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. Ұлт тәрбиесі- ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді, денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та атсалысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі- ата-ананың өнегелі тәрбиесінде.

Ата-аналардан Б. Кенжебаев, К. Исабеков өз сөздерінде тәртіпті нығайту, ата-ананың жауапкершілігі туралы және ата-аналар комитетінің құрамын қайта сайлау керек деген ұсыныстарын айтып өтті.

Қаулы етеді :

1. 2023-2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттерін әр ата-ана есте ұстасын.
2. Мектепшілік ата-аналар кеңесі төрайымы - Х. Эрдашева
мүшелері: Аяс Л
мүшелері Ұ. Токтасын сайлансын.

Шешім етеді:

1. 2023-2024 оқу жылының максаты мен міндеттерін әр ата-ана есте ұстасын.
2. Мектепшілік ата-аналар кеңесі төрайымы - Х. Эрдашева
мүшелері: Аяс Л
мүшелері: Ү. Токтасын сайлансын.
3. Мектеп оқушыларын міндетті мектеп формасымен киіндіру әр ата-анаға міндеттелеін.
4. Әрбір оқушы, ата-ана мектептің ішкі тәртіп ережесін, оқушылардың өмір қауіпсіздік ережесін, ата-аналардың міндеттерін, еске алын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы



М. Кузенбаева

А. Қараманова



Түркістан облысы Келес ауданы
№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Баяндама

Бала өміріндегі ата-ананың рөлі

2023-2024 оқу жылы

Баланың шыр етіп өмірге келуі-зор қуаныш. Өйткені, бала өмірдің сәні, отбасының шаттығы. Аллахтың берген сыйы. Дана қазақ тоғыз ай құрсақта жатқан сәбиді шілдеханамен қарсы алып, тербелген тал бесікке салған. Бесік жырымен әлдилеген, алақанға салып аялаған. Тәрбиесіне жауаптылықпен қарап, бойына жақсы қасиеттер сіңіруге тырысқан.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі данқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы.

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Ата-ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмаса. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзін жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Осылай баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді.

Отбасында басты мәселелердің бірі — баланың тіршілік іс - әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Ол үшін баланың күн тәртібі, жеке басына қойылған талаптар, міндеттер, үй еңбегіне араласуы, білімі, қызығушылықтары, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруына көмектесіп ықпалын тигізу. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата-ананың басты парызы.

Қарапайым мысалға жүгінсек, мектепке келген кезінде сондай сүйкімді, тілалғыш, жүрегі таза, сезімі пәк жас бүлдіршін орта немесе жоғары буынға келгенде неге өзгеріп сала береді? Сондықтан мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті? Мынадай жаман әдеттерді қайдан үйреніп ала қойды? Неге озбырлық жасуға бейім болып алды? - деген сияқты сауалдар алдыңнан кесе-көлденендейді. Әрине, оның себептерін жан-жақтан іздеуге болады. Ата-анасын жүрген ортасын қосқанда оның тәрбиесіне мұғалімнен басқа бірнеше адамның қатысы бар. Балаға жүрек жылуы қашан да қажет және ол ешқашан артық болмайды. Ата-анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата-анам да осындай болса деп армандауы мүмкін. Мұғалімін тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді. Баласын қалай жақсы көретінін дұрыс білдіру кез келген ата-ананың қолынан келе бермейді. Біреу жақсы киіндіріп қояды, біреу тамағы төк болса болды деп, қалтасына ақшасын салып бергеніне мәз. Біреулері өте қатал, айтқанын орындатады. Бала қорыққаннан уақытша тыңдайды, бірақ ата-анасының уысынан шыққан соң өзін-өзі ұстай алмайтын жағдайға жетеді.

Абай атамyzдың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәnniң құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі — білсем екен деп ұмтылып, одан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі «жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен,» деген үлкен пәлсопалық ой жатыр. Яғни, балаға туғаннан тән азығы — тамақ қандай қажет болса, жан азығы — жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет. Отбасында негізгі туыстық қатынас - ерлер жағымен есептелген. Сонымен қатар әйел жағымен де туыстық байланыстардың атаулары бар. Қыздан туған балаларды жиен деп атап, балалар үшін шешесінің туыстары нағашы, нағашы жұрт деп аталды. Қазақ салты бойынша жиенді ренжітуге болмайды, сұрағанын беріп, көңілін жықпауға тырысқан.

Дәстүрлі қоғамда ата-апаның тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Ата-апалар жыр, дастан, ертегі айтып немере-шөберелерін рухани байытып тәрбиелеп отырған. Қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша тұңғыш немересін атасы мен апасы өз қолына алып, немере ыстық болғандықтан балаларынан да артық көріп, тәрбиелеген. Тұңғыш немерелер ата-апасын өз әке-шешесіндей санап, туған әке-шешесін тек қана өскеннен кейін де танып

жатады. Кейде тұңғыш немересі кенже ұлының орнына, атасының қара шаңырағына ие болып та қалатын жәйт кездеседі.

Баланың аты-бала. Ол білместікке ұрынбай тұрмайды. Тіпті, бірінші қадамдарына бөбектің ісі бүлдіруден келеді. Бүгін аңдаусыздан аяқ-табақтың бірін сындырып алса, ертең шалбарын шегеге ілдіріп үйге қайтуы да ықтимал. Мұндайда халқымыз «Ата-балаға саншы» немесе «Баланың балалығына әкенің даналығы бар» дейді. Баланың балғын ойы мен сенімі алдында ең беделді тұлға – әке, әлеуетті, ақылды, білімдар әке. Жаны сұлу жайсаң азамат өсіруде әке орны бөлек.

Әке - әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен апалардың орны ерекше.

Әке үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қара шаңырақ деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Ер бала ең алдымен әкенің өнегесінен нағыз ер адам қандай болу керектігін қабылдайды. Сондықтанда әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, ұлтжандылыққа, әйел баласына серілік қарым-қатынас танытуға, отағасы қандай болу керек екендігін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға талпынуға тәрбиелеуі керек.

Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз. Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата-анасы маскүнемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жиреністі көріністі, ондағы айқай-шу мен дау-жанжалға, ұрыс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір ансайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бакытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз? Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырған аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсін» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», - деп мадақтайды. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған.

«Балаға үміт арту – әкенің қарызы, ақтау – баланың парызы» дейді қазақ халқы. Балаға үміт артқан әке «Осы мені ертең асырасын бақсын – қаксын» демейтін ғана шығар, әке де елдікті ойлады, ұлым мен қызым ұлы мақсатқа жұмылсын – елді көркейтсін деп армандамай ма?

Дүниенің ең тамаша туындысы – тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.

Адамгершіл саналылығы биік ата – ананың, отбасы мүшелерінің бір – бірімен сыйласуы, сенісуі, қолдасуы, көмегі, татулығы мен ынтымағы, бір – біріне талап қоя білуі, әрқашан әділ болуы, өзара қамқорлығы салтқа кірген отбасынан қашанда көргенді, білікті, іскер, азаматтар өсіп шығады. Міне, осындай өнегелі отбасында туып өскен, оқып, білім алып, қоғамдық еңбектің бір тұтқасына ие болып жүрген азаматтардың қайсысынан да: «Өмірдегі арманына адастырмай қанат қақтырған ең қымбат адамын кім?» деп сұрай қалсаңыз, ең әуелі өз ата – аналарын айтады. Әке –

**№ 52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінің
жалпы ата-аналар жиналысының
хаттамасы №2**

Қаратал ауылы

10 қараша 2023ж

Қатысқан ата-аналар саны- 52

Мектеп директоры - Г. Бекжанова

Ата-аналар кеңесінің төрайымы - Х. Эрдашева

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - М. Кузенбаева

Мектеп психологы - Б. Кенжебаева

Әлеуметтік педагог - Е. Курбанбеков

Медбике - З. Исакова

Күн тәртібінде:

Ата-аналар комитеті отырысы

1. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен ерте жыныстық қатынасқа түсуінің, балардың өзіне-өзі қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу.
2. Жұқпалы аурулардың алдын алу.
3. "Отбасындағы рухани адамгершілік тәрбиесі". Баяндама
4. Түрлі мәселелер

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева сөз алды. Жасөспірімдердің балалықтан ересектікке ауысар шақ 13-16 жас аралығы. Баланың өз ойы, пікірі, өзінше өмір туралы тұжырымы қалыптасатын шақ. Бұл кезде оның әр нәрсені білуге деген ынтасы күшті. Бірақ оның өмірден әлі де тәжірибесі аз. Сондықтан әр нәрсенің жарамсыздығын ажырата білмейді. Оған жастарымыздың инабаттылықтан, биязылықтан, үлкенді сыйлаудан мақұрым қалғаны қосылады. Жас өспірімдерге жол сілтейтін, бағыт-бағдар беретін, жақсы үлгі өнегінің нағыз керек тұсы осы кез. Амал не қазір көп ата-аналар күнкөріс үшін ертеден қара кешке дейін үй бетін көрмей зыр жүгіреді. Баламның тамағы тоқ, көйлегі көк болса, қатарынан кем болмаса болғаны деп ойлайды. Бұл өте қате пікір. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» деп Абай атамыз айтып кеткендей, ата-ананың бақылауынсыз қалған бала ойына келгенін жасайды. Ертемен кешке дейін шетелдің бейадеп фильмдерін, кісі өлтіру, атыс-шабыс, құбыжықтар туралы фильмдер көреді. Бала жаны еліктегіш. Көрген кинодағы кейіпкерлерге еліктеп қазір мектептерде мұғалімді қорқыту, бір-бірін пышақтау, суық қару ұстап жүру, бір мектеппен екінші мектептің балалары жак-жак болып төбелесу етек алып барады. Міне, осы шақта баланың сана сезіміне, тұлға ретінде дамуына ата-аналардың ең бірінші мақсаты болу керек. Қазіргі таңда ең күрделі мәселенің бірі жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті іс-әрекеттерге баратын балалар туралы жағдайлар болып тұр. Сондықтан балаларымызды үнемі қадағалап отыруымыз керек.

Мектеп кітапханашысы М. Аяпова мектепте барлық оқушылардың 90 пайызы оқулықпен қамтылғанын айтты. Кітапты бірінші орында көп балалы отбасыларына кейін, әлеуметтік тұрмыс деңгейі төмен оқушылармен қамтылғандығын айта кетті. Ата-аналарға балаларының кітаптарын ұқыпты ұстауын қадағалауды және кітаптың сыртын қаптап жүруін айтты.

Мектеп медбикесі З. Исакова ежелден «Бірінші байлық» аталған денсаулықтың жайын қазақ қашаннан жоғары бағалаған. Расында да адам баласы үшін денсаулықтан артық ештеңе жоқ. Денсаулық дұрыс болмаса, бойыңды дерт жайласа, ештеңенің мәні келмейді. Біздің жұрт

«Қай жерің ауырса-жаның сол жерде» деп те жатады ғой. Бұл да шындық, осының бәрі ата-бабаларымыздың денсаулық мәселесіне айрықша көңіл бөлгенін көрсетеді. Халықтың денсаулығы ел қуаты. Ел қуаты болашақ жастар. Соңғы жылдары жастар арасындағы нашақорлық аса өзекті проблемаға айналды. З. Исакова "Жұқпалы аурулар туралы түсінік және алдын алу шаралары" тақырыбында ата-аналарға лекция оқыды.

Төртінші мәселе бойынша мектебіміздің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д. Сакказиев ата-аналарға Ітоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі туралы қысқаша мағлұмат берді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ата-аналарға "Отбасындағы рухани адамгершілік тәрбиесі" тақырыбында баяндама оқыды. Ата-аналарға рухани адамгершіліктің маңыздылығы туралы терең мәліметтер бере отырып, ата-аналардың бойында ізгілік қасиеттерді бала тәрбиесімен ұштастыра білуге және балалардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығара білу керектігін түсіндіріп өтті.

Жарыссөз

Ата-аналар комитетінің төрайымы Х. Эрдашева өз сөзінде, әрбір ата-ана өз баласын жаман болсын, жамандық жаса бұзықшы бол деп тәрбиелемейді, бірақ үнемі қалағалап қайда жүрсін, кіммен жүрсін, достарын кім деген сұрақтарды қоймайды деп ойлаймын. Отбасында ата-ана балаға үнемі үлгі бола білсе, ол отбасынан жақсы бала шығады деп ойлаймын деп сөзін аяқтады.

Шешім :

1. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен ерте жыныстық қатынасқа түсуінің, балардың өзіне-өзі қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу жұмыстары жандандырылсын
2. Жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстары жүргізілсін.
3. "Отбасындағы рухани адамгершілік тәрбиесі". Баяндамас қанағаттарналы деп табылсын
- 4.2 тоқсанда оқушылардың оқу үлгерімі қолға алынсын.

Жиналыс төрайымы :

Хатшы




М. Кузенбаева

А. Қараманова



“Отбасындағы рухани адамгершілік тәрбиесі”



**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**



**« Жұқпалы аурулар -
ең қауіпті аурулардың тізімі
және инфекциялардың
алдын алу»**

2023-2024 оқу жылы

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
ата-аналарымен өткізілген жиналысының**

Хаттамасы 5

16.02.2021

Қаратал ауылы

Қатысканы - 38 ата-ана

Дир. оқу ісі жөн. орынбасары - Д. Сакказиев

Дир.тәрбие орынбасары - М.Кузенбаева

Ата-аналар комитетінің төрайымы - Р. Адеева

Психолог - Б.Кенжебаева

Сынып жетекшілер

Қаралатын мәселелер

1. ҰБТ -ға дайындық және оны тапсыру барысында жасөспірімге ата-ананың психологиялық көмегі.
2. Оқушылардың мектеп айналасында және мектептен тыс аймақтарда тәртіп сақтау ережелері қатаң қадағалау жұмыстарын жүргізу.
3. "Бала тәрбиесіндегі ата-ана" тренинг.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д. Сакказиев - Түлектердің ата-аналарының естен шығармайтын ең үлкен қағидаты: ҰБТ-ге дайындық отбасын ажыратпай, керісінше, оның ауызбірлігін күшейтуі керек! Отбасында өзара түсіністік, өзара қолдау, құрмет пен сыйластық, сүйіспеншілік әлеуеті артуы керек! «Ұлы жол үйінің табалдырығынан басталады», - демейді емес пе қазақ нақылында!

Ал енді балаларымызбен қарым-қатынасты қалайша сапалы етуге болатындығы, яғни, ҰБТ тапсыру кезеңінде балаларға қажетті қолдау көрсету керектігі жөнінде сөйлеселік. Бастама сурет тоқтап тұрған кезде, Құрметті ата-аналар! Сіздердің назарларыңызға жасөспірімнің ҰБТ дайындығы кезеңінде ата-аналардың мінез-құлықтарына қатысты ата-аналарға арналған негізгі психологиялық кеңестер келтірілген слайдты ұсынамын. Әр ата-ананы өз баласының тағдыры толғандыратындығын барлығымыз түсінеміз. Әрбір ата-ана өз баласының өмірі жақсы болғандығын, балаларының дендері сау, бақытты болғандықтарын қалайды.

Орта мектепті тәмамдау кезіндегі аттестациялық сынақ ретіндегі ҰБТ-дің барлық оң және теріс жақтарын қабылдау керек. Он жыл бойы ҰБТ бұл – біздің білім беру кеңістігіндегі жана шындық. Бірде-бір отбасының бұл фактімен санаспауы мүмкін емес! Пайдасыз теріске шығарудың, өнімсіз ашуланудың және басқа да теріс эмоциялардың орнына, өздеріңіздің күш-жігерлеріңізді жағдайдың оң сәттеріне барынша толығымен жұмсауға тырысыңыздар! Әрине, теріс эмоциялардан аулақ болыңыздар. Бұл дегеніміз, тым эмоционалды ата-аналар көрсететін үрейге берілмеу деген сөз!

ҰБТ сұрақтарында мектеп бағдарламасында жоқ, ешқандай сұрақтардың болмайтындығын әрбір ата-ананың естен шығармағандығы өте пайдалы! Яғни, бұл дегеніміз, тестке жыл бойы дайындалып, жақсы бағалар алған кез келген оқушы оны орындай алады деген сөз.

Ата-аналар өз баласын кемсітпей, керісінше оның өз-өзіне деген бағасын арттырып, оның өзінің күші мен қабілетіне деген сенімін нығайту. Асыра мактаудан қорықпау керек! Асыра мінеп-сынаумен қауіптену керек!

Біздің барлығымыз қазіргі заманғы ата-аналардың тым жұмыс басты екендігін білеміз. Өркімнің жұмысы бастан асып жатады. Өйткені қазіргі кездегі өмір өте күрделі емес пе!? Кейде өзінің балана – жасөспірімге мұқият карауға, оның хал-жайын ұғынуға, оның қажеттіліктерін түсінуге де уақыт жетпей жатады. Осыған карамастан, жасөспірімнің көңіл-күйінің және мінез-құлқының барлық өзгешеліктерін уақытылы байқау ҚАЗЖЕТ, бала ағзасының физикалық және психологиялық ресурстарының шамадан тыс жүктемесінсіз, ауыртпалықтарды жеңе білуіне көмектесу керек.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынасары М. Кузенбаева сөз алды, Құрметті ата-аналар әр ата-ана ҰБТ нәтижелерінің маңыздылығы, баланың денсаулығы мен оның эмоционалдық амандығы туралы қамқорлықты көлеңкелемеу керек екендігін түсінуі тиіс. Өйткені алда – әлі ұзақ өмір бар және де жасөспірім оған өзінің күшіне деген сеніммен, ата-анасы өзін түсінеді және қолдайды, тіпті егер бірден барлығы ойлағандай болмаса да, болашақта алға қойған мақсатына жету мүмкіндігі бар екендігі сезімімен қалам жасауы тиіс. Баланың көңіл-күйіне мұқият болған айрықша маңызды. Баланың шаршауына байланысты оның жағдайының төмендегенін ата-анадан басқа кім уақытылы байқап, алдын ала алады? Психологтар, дәрігерлер мен ұстаздар баланың денсаулығына қамқорлық жасап, әр ата-ана ұстануы тиіс.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынасары М. Кузенбаева - ата-аналар балаларыңыз мектепке барғанда өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін білуге тиіс: мектеп шекарасында, мектеп ғимаратында жүргенде, әртүрлі сабақтарда және іс-шараларда, үйден мектепке баратын және кері қайтатын кезде оның денсаулығына және өміріне қауіп төндіруі мүмкін зиянды факторлар мен әлеуетті қауіп-қатерлерді; қайда, қашан және қандай себепке байланысты мектепте ТЖ туындауы мүмкін. Мектепке баратын және мектептен қайтатын жол Мектеп пен оқушы үйінің арасындағы арақашықтық ұзақ болған сайын, оның жолға көп уақыт жұмсауына, көшелерді және киылыстарды жиі кыып өтуіне, бейтаныс адамдардың арасында көбірек болуына, қатты шаршауына тура келеді. Оқу орнына баратын және мектептен қайтатын жол ұзақ болған сайын оқушыларды көп қауіптер күтуі мүмкін. Олар үшін көшелердің және жолдардың жүргіншілер бөлігі барынша қауіп төндіреді. Мұнда ЖКА туындауы мүмкін. Статистика көрсеткендей, жолда зардап шеккен балалардың 60 % – бұл жалпы білім беретін мекемелердің 7 жастан 13 жасқа дейінгі оқушылары, ЖКА көбіне оқушылардың мектепке баратын жолында немесе сабақтан үйіне қайтып келе жатқан кезінде орын алады.

Үшінші мәселе бойынша мектеп психологы Б. Кенжебаева " Бала тәрбиесіндегі ата-ана" тақырыбында тренинг өтті.

Отбасы- ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі, өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі, міндет-қызмет бөлінісі, кіріс- шығыс бюджеті, қасиеттеп, қастерлеп ұстанатын рәміздері т.б болмыс-тіршілік жақтары болады. Адамдардың жақсы өмір сүруі отбасы құрамындағыларға байланысты. Сондықтан отбасы құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерінің бір-біріне адал, қамқор болуына тәрбиелеген.

Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз — ата-ана.

Жанұяда жақсы қасиеттер балаға сөзбен, үлкендердің үлгісімен сінеді
адамды: адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, ина
баттылық.

Шешім:

1. ҰБТ -ға дайындық және оны тапсыру барысында жасөспірімге ата-ананың психологиялық көмек көрсетілісін.
2. Оқушылардың мектеп айналасында және мектептен тыс аймақтарда тәртіп сақтау ережелері қатан қадағалау жұмыстарын жүргізілісін
3. "Бала тәрбиесіндегі ата-ана" тренинг қанағаттанарлы деп табылсын

ДТЖО:



М. Кузенбаева

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінде өткізілген жалпы
ата-аналар жиналысының**

№4 хаттамасы

Қаңтар айы

Қаратал ауылы

Қатысқаны- 35 ата-ана

Тәрб. ісі жөн.орын.: М. Кузенбаева

Психолог : Б. Кенжебаева

Әлеуметтік -педагог: Е. Құрбанбеков

Тәлімгер : Ш. Анаркүл

Сынып жетекшілер

Мектеп медбикесі: А. Сұлтанкүлова

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1."Салауатты өмір салты бойынша нашакорлық пен есірткіге қарсы күрес"
2. " Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы"
Баяндама.
3. Тренинг, сауалнама .

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева М.бүгінгі таңда жастар ортасындағы маскүнемдік, нашакорлық, жұмыссыздық, қылмыс пен өз бетімен кетушілік, рухани азып-тозушылық туралы жиі айтылады. Мұндай теріс ағымдардың белен алғандығын жасырмаймыз. Қазіргі таңда қоғамды алаңдататын аталған сипаттағы мәселелер.

Ежелден «Бірінші байлық» аталған денсаулықтың жайын қазақ қашаннан жоғары бағалаған. Расында да адам баласы үшін денсаулықтан артық ештеңе жоқ. Денсаулық дұрыс болмаса, бойынды дерт жайласа, ештененің мәні келмейді. Біздің жұрт «Қай жерін ауырса-жаның сол жерде» деп те жатады ғой. Бұл да шындық, осының бәрі ата-бабаларымыздың денсаулық мәселесіне айрықша көңіл бөлгенін көрсетеді. Халықтың денсаулығы ел қуаты. Ел қуаты болашақ жастар. Соңғы жылдары жастар арасындағы нашакорлық аса өзекті проблемаға айналды.

Мектебіміздің әлеуметтік педагогы Құрбанбеков Е ,салауатты өмір салты дегеніміз – тек қана зиянды әдеттерде бас тарту ғана емес, бұл өз денсаулығына деген жауапкершілікті сезіну, жанұяда бақытты тұрмыс құру, бос уақытты мағыналы өткізу, адамның рухани жан – дүниесін байыта түсу мен дене тәрбиесімен айналысу, осының бәрі қоғамдық мүддемен

ұштасатынын, сонымен тоғысатынын түсіну, яғни Қазақстан азаматы деп атаққа қай жағынан болса да лайықты болу.

Екінші-мәселе бойынша мектеп психологы Б. Кенжебаева " Бала тәрбиесін дегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы " атты баянда оқыды.

Отбасы- ол да бір шын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі, өні бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі, міндет-қызмет бөлінісі, кіріс- шығыс бюджеті, қасиеттеп, кастерлеп ұстанатын рәміздері т.б болм тіршілік жақтары болады. Адамдардың жақсы өмір сүруі отбасы құрамындағыларға байланысты. Сондықтан отбасы құрылымына зор маңы беріліп, мәнін көрмеген, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпау мүшелерінің бір-біріне адал, қамқор болуына тәрбиелеген.

Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз — ата-ана.

Жанұяда жақсы қасиеттер балаға сөзбен, үлкендердің үлгісімен сінеді адамды адалдық, мерзілділік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналардан сауалнамалар алынды.

Шешім

1. "Салауатты өмір салты бойынша нашакорлық пен есірткіге қарсы күрес" бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

2. " Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы" баяндама қанағаттанарлы деп табылсын

3. Ата-аналарға тренингтер, сауалнамалар үнемі алынсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

М. Кузенбаева

Ш. Анаркүл

№52 С. Бегалин атындағы жалпы білім беретін мектебінде жазғы маусым кезіндегі суға шомылудың алдын алу бойынша ата-аналармен өткізілген кезектен тыс жиналысының

ХАТТАМАСЫ №6

29.05.2024 жыл

Қаратал ауылы

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1. Жазғы лагерь жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы.**
- 2. Жазғы демалыс уақытындағы оқушылардың қауіпсіздігі.**
- 3. Жаңа оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы.**

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі мәселелермен ДТЖО М. Кузенбаева таныстырып өтті.

Бірінші мәселе бойынша - әлеуметтік педагог Е. Құрбанбеков - сөз алып жазғы демалыста оқушылардың лагерь мен қамтылуы туралы айтып өтті. Мектебімізде аз қамтылған оқушылардан 2 оқу мектеп жанындағы лагерьмен ұйымдастырылады.

Екінші мәселе бойынша демалыс кезіндегі (25.05-31 08 2024 жыл аралығында) техникалық қауіпсіздік ережесімен таныстырып жаз мезгілінде қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып балаларды қадағалап отыру керектігін айтып өтті.

Ата-аналарды қауіпсіздік ережесімен таныстыру 1-11 сыныптарында тақырыптарға байланысты жүргізілген қауіпсіздік ережесін айтып өтті.

Сабақтан тыс уақыттағы, яғни жазғы демалыс кезіндегі (2024 жылдың 25 мамыр мен 31 тамыз аралығы) техника қауіпсіздігімен балалардың өмір қауіпсіздігі әңгіме; суға түсу мен су қоймалары жанындағы балалардың өзін ұстау ережелерін сақтау;

Жолда жүру ережелерін сақтау. Жаяу жүргінші- бала жауапкершілігі .

Жолдағы және үлкен жолдағы ойын, құлаққаптарды қолдану ережесі; кәмелетке толмағандардың келік жүргізуі, велосипед, мотоцикл , мопед, автокөлік және т.б. көлік түрлерін жүргізуі;

өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау: сіріңкемен , от тұтатқышпен және басқа да өртке қауіпті заттармен ойын;

ата-аналарсыз табиғат аясына саяхат, экскурсияға шықпау бала өміріне ата-аналар жауапкершілігі;

сабақтан тыс уақытта 25.05-31.08.2024 жыл кезіндегі балалардың күн тәртібі ережесін сақтауы(түнгі сағат 21.00 ден кейін балалар мен жасөспірімдердің көшеде жүрмеуі);

жаман әдеттердің алдын алу бойынша үнемі әңгіме жүргізіп отыру;

кәмелетке толмағандардың жұмыс істеуі, баларға ата-аналардың заңды жауапкершілігі "Оқушылардың жазғы қауіпсіздігі". Көп жағдайларда адамға өз өмірін сақтап қалу және өз жақындарының өмірін сақтап қалу үшін қарапайым ережелерді білу қажет болады. Қай жерде сіз болсаңыз жалғыз, достармен, отбасымен жолда жұмысқа бара жатқанда демалыста немесе үйде, әрқашан есіңізде сақтаңыз. Өмірде күтпеген жағдайлар болады.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Г. Бекжанова сөз алды - ол ата-аналарды жалпыға бірдей мектеп формасымен таныстырып өтті. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардың №26 бұйрығы, "Білім туралы" 20007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабының /14-1/ тармақшасы және мектеп жарғысының 11-56 тармақшасын негізге ала отырып жалпыға бірдей мектеп формасы туралы мектебіміздегі оқушылардың киім үлгісі: қыз балалар үшін күз-көктем мезгілінде:

Қыздар: ақ бантик, ақ кофта, қою көк юбка/кең етек, тізеден төмен 5 см, қою көк жилет, қою көк костюм.

Ұлдар: ақ көйлек қою көк шалбар, қою көк жиле, қою көк костюм. Ұлдарға арналған шалбарар және ұзындығы бойынша тобықты ауып тұрады.

Жарыс сөз

Ата-аналар кеңесінің төрайымы Х. Эрдашева - ия өте орынды, мектепте барлығы бірдей форма кигені дұрыс.

Шешім :

1. Жазғы лагерь жұмыстары ұйымдастырылсын.
2. Жазғы демалыс уақытындағы оқушылардың қауіпсіздігі туралы ата-аналар мен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
3. Жаңа оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы ата-аналарға ескерту жасалынсын.

Мектеп директоры:



Г. Бекжанова